



**Автор:** Шаукенова Айгуль Майшабайқызы

**Пән:** Математика

**Сынып:** 3-сынып

**Бөлім:** Кестеден тыс көбейту және бөлу

**Тақырып:** Көбейтудің үлестірімділік қасиеті Тақырыбы: Бау-бақ құрылысы

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 3.1.2.12 нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша көбейту/бөлу тәсілін қолдану                                                                                                                                                                                                                                |
| Сабақтың мақсаты:                             | Барлық оқушылар үшін:Қосындыны санға көбейту ережесін білу.<br>Бірқатар оқушылар үшін:Қосындыны санға көбейту ережесін ауызша есептеуде қолдану.<br>Кейбір оқушылар үшін: Қосындыны санға көбейту ережесін тиімді есептеу үшін қолдану.                                                                                          |
| Тілдік мақсаттар:                             | Оқушылар: Ауызша көбейту орындауда қосындыны санға көбейту ережесін түсіндіру Пәндік лексика және терминология: Өрнек, қосындыны санға көбейту Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. Талқылау: Қосындыны санға қалай көбейтуге болады? Бұл қасиеттерді тиімді есептеу үшін қалай қолдануға болады? Жазу: Өрнектерді жазу. |
| Күтілетін нәтиже:                             | Сабақта алған білімдерін өмірде пайдалана алады.                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Бағалау критерийлері:                         | Қосындыны санға көбейту ережесін біледі.<br>Қосындыны санға көбейту ережесін ауызша есептеуде қолданады.<br>Қосындыны санға көбейту ережесін тиімді есептеу үшін қолданады.                                                                                                                                                      |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Еңбек сүйгіштікке баулу                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Интербелсенді тақта                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Пәнаралық байланыс:                           | Дүниетану, жаратылыстану                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Бастапқы білім:                               | көбейту кестесін біледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                    | Ресурстар |
|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Сабақтың басы   | Ынталандыру.<br>Біз келдік мұнда оқуға<br>Жалқаулықты артқа тастап,<br>Еңбектеніп оқуға.<br>Тырысып, жұмыс жасаймыз<br>Назар қойып тыңдаймыз!                                             |           |
| Сабақтың ортасы | Өзектендіру. «Үндемес», «Математикалық волейбол», «Қай қатар жылдам?», Жаңаны ашу. Қиындықтан шығу жобасын құру. Өзіндік жұмыс                                                            |           |
| Сабақтың соңы   | Мен: □ Қосындыны санға көбейту ережесін қолданып, әртүрлі тәсілдермен есептеймін; □ Қосындыны санға көбейту ережесіне негіздеп, сандардың көбейту алгоритмін біртаңбалы санға қолданамын. |           |
| Рефлексия       | Рефлексия. Бүгінгі сабақта мен түсіндім, мен білдім, анық-қанығына жеттім ...; «Мен ... өзімді мақтан етемін»; «Әсіресе маған ұнағаны ...»; «Бүгін ... менің қолымнан келді»              |           |